ШЕШІМ
Қазақстан Республикасының атынан

2024 жылғы 14 тамыз № 5501-24-00-2/2241 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С.Төлембекова, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Павлодар облысы білім беру басқармасының «Шарбақты аграрлық-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Сункар Group KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІМІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Павлодар облысы білім беру басқармасының «Шарбақты аграрлық-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының «Сункар Group KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Сункар Group KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Сункар Group KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Павлодар облысы білім беру басқармасының «Шарбақты аграрлық-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорының пайдасына 767 (жеті жүз алпыс жеті) теңге тұрақсыздық айыбы және 23 (жиырма үш) теңге мемлекеттік баж төлеу шығын сомасы өндірілсін.

«Сункар Group KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Төлембекова**

Құжатқа қол қойылған: Төлембекова А. С., 14.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.09.2024, судья Төлембекова А. С., 24.09.2024

5501-24-3-1/2490